

**БЕКІТЕМІН:**

«Атбасар қаласының №8 орта

мектеп директоры

Р.Смагулова

«1.09» 2023 ж.

**КЕЛІСІЛДІ:**

Тәрбие ісі жөніндегі

директор орынбасары

А.Искакова

«1.09» 2023 ж.

# «ЖАС ӨРТ СӨНДІРУШІ» ҮЙІРМЕСІНІҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

Үйірме жетекшісі:

Акшулаков Айтуған Жаксыбаевич

Атбасар қаласы



## Білім беру ұйымдарында «Жас өрт сөндіруші» клубтарын (үйірмелерін) құру туралы ЕРЕЖЕ

Осы ереже 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногенді сипаттағы Төтенше жағдайлар туралы» заңының 17 бабын жүзеге асыру мақсатында жасалды

### 1. Жалпы ереже

«Жас өрт сөндіруші клубтарын (үйірмелерін) құру мақсаттары – жалпы білім беретін мектептерде, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарында, қосымша білім беру ұйымдарында төтенше жағдайлар кезінде балалар және жасөспірімдердің қауіпсіздігінің мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың дамуын, өздерінің және қоғамдық қауіпсіздік проблемаларын жауаптылыққа тәрбиелеу, өмір сүру қауіпсіздігі жағдайы және дене шынықтыру мен психологиялық дайындық жағдайы бойынша білім деңгейін жоғарлату, құтқарушылар кәсібін насихаттау.

#### Клубтардың (үйірмелердің) негізгі міндеттері:

білім беру ұйымдарында өмір сүру қауіпсіздігінің негіздерін тереңдетіп оқыту;  
құтқару жұмыстарының негіздерін игеру, төтенше жағдайларды жою бойынша, сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша білімін және ептілік дағдыларын қалыптастыру.

### 2. Клубтарды (үйірмелерді) ұйымдастырудың негізгі талаптары

2.1. «Жас өрт сөндіруші» клубтары (үйірмелері) жалпы білім беретін мектептерде, балалар үйлерінде, мектеп-интернаттарында, қосымша білім беру ұйымдарында тұрғылықты жері бойынша оқушылардан Батыс Қазақстан облысы білім басқармасымен Батыс Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар Департаментімен (одан әрі – БҚО ТЖД) келісіп құрылады.

2.2. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) жұмысына қатысуға ниет білдірген 10 мен 17 жас аралығындағы мектеп оқушылары оның мүшесі бола алады.

2.3. Клубтардың (үйірмелердің) мүшесі болуға қабылдау клубтың (үйірменің) жалпы жиынында жазбаша арыз негізінде жүргізіледі. Жаңадан қабылданған барлық «жас құтқарушылармен» құтқарушы мамандар сабақтар өткізеді. Оқыту аяқталысымен, жас құтқарушылар сынақ тапсырып және «Жас құтқарушы» клубтарына (үйірмелеріне) мүшелік куәлігін алады.

2.4. Клубтың жалпы жиналысында «Жас құтқарушы» клубтарында (үйірмелеріне) басшылық ету үшін командирі, қажет болған жағдайда орынбасары сайланады.

2.5. «Жас өрт сөндіруші» клубтарымен (үйірмелерімен) жұмыстар Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар Министрлігінің аумақтық органдарының қызметкерлерімен жедел-құтқару жасағында, суда – құтқару қызметі станциясында, «өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінің өрт сөндіру бөлімшелерінде, апаттық медицина орталықтарында жүргізіледі.

2.6. Өз қызметінде клубтар (үйірмелер) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасы білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Төтенше жағдайлар министрліктерінің нормативтік-құқықтық құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады. Клубтар функционалдық міндеттерін атқару барысында осы салаға қатысты барлық ұйымдармен байланыс орнатады: қосымша білім беру орталықтары, қалалық, аудандық өрт сөндіру және құтқару қызметтері, БҚО ТЖД, балалар және жастар ұйымдарымен.



2.7. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) құрамына білім беру мекемелеріндегі балалар ұйымдарының мүшелері, мектеп тәлімгерлері, мектеп медбикелері, бастапқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, психолог кіреді. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) қызметі мен құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

2.8. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) жалпы жиналысында клубтың атауы, белгісі, киім үлгісі белгіленеді.

2.9. «Жас өрт сөндіруші» клубтарына (үйірмелеріне) әдістемелік көмек көрсету, өкілетті органдармен байланыс орнату жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі. Мектеп басшысы клубқа қажетті киім үлгілерін әзірлеу үшін, қосымша қаржы көздерін қарастырады.

### **3. «Жас өрт сөндіруші» клубтарымен (үйірмелерімен) жұмыстың негізгі бағыттары**

3.1. «Жас өрт сөндіруші» клубтарымен (үйірмелерімен) жұмыстың негізгі бағыттары:

- өмір сүру қауіпсіздігі негіздеріне және төтенше жағдайлар пайда болған кездегі іс-қимылдарға оқыту. Авариялық – құтқару және басқада кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылатын,

авариялық-құтқару құрал-саймандарымен, құтқару және арнайы техникалармен, құтқару жабдықтарымен, байланыс құралдарымен таныстыру, сонымен қатар авариялық-құтқару құрал-саймандарымен және құтқару жабдықтарымен бастапқы жұмыс дағдыларына оқыту;

- үгіт-насихат техникалық құралдарын: мектеп радиотораптарын, қабырға газеттерін, фотомонтаждарын, жауынгерлік парақтарын, «Жас өрт сөндіруші» бұрыштарын пайдаланып өмір сүру тіршілігі қауіпсіздігі негіздерін, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша ережелер мен шараларын, төтенше жағдайлар пайда болған кезде тәртіп ережелерін сақтау бойынша бұқаралық-түсіндіру жұмыстарына қатынастыру;

- құтқару спорты бойынша жарыстар мен сабақтар, конкурстар, олимпиадалар, викториналар, слеттер өткізу, үгіт-насихат бригадаларын құру, жарыстарға, экскурсияларға, жорықтарға, шолуларға, әскери спорттық ойындарға және жастар фестивальдеріне қатысу;

- құтқарушылардың ерліктері туралы баяндайтын мұражайларға, естелік орындарына бару, құтқару қызметтерінің тарихы туралы жаңа деректер жинау, мектеп жанындағы мұражайларда жауынгерлік даңқ экспозициясын құру, төтенше жағдайлар органдарының еңбек сіңірген қызметкерлерімен және ардагерлерімен, өрт-құтқару спорты чемпиондарымен және шеберлерімен кездесулер ұйымдастыру.

3.2. БҚО ТЖД Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасымен бірігіп «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

3.3. БҚО ТЖД Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасымен бірігіп: білім беретін ұйымдарға, балалар үйлеріне, қосымша білім беретін ұйымдарға клубтардың (үйірмелердің) жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

төтенше жағдайлар пайда болған кезде тәртіп ережелерін түсіндіру бойынша жұмыс әдістерін, формаларын жетілдіру және дамыту бойынша ұсыныстар жасайды, бұқаралық шаралар ұйымдастырады, «Жас өрт сөндіруші» клубтары (үйірмелері) жұмыстарының ең жақсы тәжірибесімен танысып оны таратады.

«Жас өрт сөндіруші» клубтарымен (үйірмелерімен) практикалық сабақ өткізу үшін БҚО ТЖД және оның ведомстволық бағыныстағы мекемелері базаларын ұсынады, мамандарды, арнайы және құтқару техникаларын, құтқару жабдықтарымен құрал-саймандарын бөледі.

### **4. Ішкі құрылымы**

4.1. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) құрамы 10 адамнан кем болмауы керек.

Соның ішінде:

- клуб жетекшісі – 1 адам;
- клуб жетекшісінің көмекшісі – 1 адам;
- үгіт-насихатшылар – 3 адам;
- медицина қызметкерлері 2 адам;
- спорттық дайындық жетекшілері – 2 адам;



хатшы - 1 адам.

## 5. «Жас өрт сөндіруші» клубы жетекшісінің міндеті

5.1. Оқу-тәрбие жұмысын жүргізуге жауапты клуб жетекшісі және өрт сөндіру, авариялық-құтқару қызметі.

- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
- клубтардың жетекшілерін тағайындап, міндеттерімен таныстыру;
- клуб жетекшісі жылына екі рет атқарылған жұмысы туралы есеп береді.

## 6. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының міндеттері

- 6.1. «Жас өрт сөндіруші» клубының (үйірмесінің) негізгі міндеті – жас ұрпақтың дене тәрбиесіне және моральдық-психологиялық жетілуіне көмек көрсету.
- 6.2. Төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстауға қатысты практикалық дағдыларды игеру және арнайы құтқару мақсатына арналған құрал-жабдықтарды пайдаланып құтқару жұмыстарын жүргізу, радиациялық, химиялық барлауға, дозиметрлік бақылауға арналған құралымен жұмыс жасау.
- 6.3. Іздестіру, қоршаудан босату, алғашқы медициналық көмек көрсету қарапайым механизмдері және авариялық-құтқару құралдарын қолдану арқылы зардап шеккен адамдарды тасмалдауға арналған арнайы міндеттерін орындау.
- төтенше жағдайларға қатысты барлық құжаттарды, мәліметтерді, ережелерді білу, үйрену;
  - оқушыларға арналған барлық ережелерді орындау;
  - клуб (үйірме) ісіне белсенді араласу, тапсырмаларды нақты орындау;
  - «Жас өрт сөндіруші» қызметін атқаруда үлгі болу;
  - спортпен шұғылданып, өз шеберлігін шыңдау;
  - үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, акциялар, сайыстар өткізу;
  - Барлық атқарылған жұмыстар бойынша жинақталған құжаттар (жоспарлар, бағдарламалар, сауалнамалар, зерттеу қорытындылары, БҚО ТЖД мекемелерімен жүргізілген жұмыстар т.б) арнайы папкаларға жинақталады. Клубта (үйірмеде) белсенді қызмет атқарған оқушылар марапаттауға ұсынылады.

## 7. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) мүшелерінің құқықтары

- клубқа (үйірмеге) мүше болуға;
- клубқа (үйірмеге) қатысты мәселелерді шешуге және ұсыныстар жасауға;
- БҚО ТЖД бөлімшелерінен, құтқару жұмыстары бойынша ақпараттық көмек сұрауға құқылы.

## 8. «Жас өрт сөндіруші» клубтарының (үйірмелерінің) нышандары

Әр клубтың (үйірменің) атауы, ұраны, қаламақ (речевка), әні болуы шарт. Клубтың (үйірменің) арнайы төсбелгісі, бірегей киім үлгісі болуы керек.

Клубтың (үйірменің) киім үлгісін, белгісін мектеп әкімшілігі, мектеп тәлімгері, БҚО ТЖД және балалар бірігіп анықтайды.

Ескерту!

Вақ.kz сайтында жарияланған авторлық материалдардың барлық құқықтары қорғалған және ақпарат агенттігінің меншігі болып табылады. Көшіріп басу редакцияның рұқсатымен жүзеге асады.

Материалды көшіріп басу кезінде Вақ.kz сайтына төте сілтеме көрсету талап етіледі.

**“Жас өрт сөндіруші” үйірмесінің мақсаты:**



Жас ұрпақтың дамуын, өздерінің және қоғамдық қауіпсіздік проблемаларын жауаптылықка тәрбиелеу, өмір сүру қауіпсіздігі жағдайы және дене шынықтыру мен психологиялық дайындық жағдайы бойынша білім деңгейін жоғарлату, құтқарушылар кәсібін насихаттау.

**Міндеті:**  
Білім беру ұйымдарында өмір сүру қауіпсіздігінің негіздерін тереңдетіп оқыту; құтқару жұмыстарының негіздерін игеру, төтенше жағдайларды жою бойынша, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша білімін және ептілік дағдыларын қалыптастыру, Алғашқы көмек көрсету түрлерімен іс-әрекеттері.

**«ЖАС ӨРТСӨНДІРУШІ» ҮЙІРМЕСІНЕ  
БӨЛІНГЕН УАҚЫТ ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Бөлімдер	Сағат саны
1	Арнайы дайындық	8
2	Өртке қарсы іс-қимыл дайындығы	7
3	Дәрігерлік дайындық	4
4	Бағдарлану негіздері	6
5	Дене даярлығы дайындығы	6
6	Жеке қорғаныс құралдары	3
БАРЛЫҒЫ:		34



**«ЖАС ӨРТ СӨНДІРУШІ» ҮЙІРМЕСІ  
ЖОСПАРЫ**

**«Жас өрт сөндіруші » үйірмесі сабақтарын жоспарлау**

№ р/с	Сабақтар тақырыптары	Сағаттар Саны/күні	Сабақтар түрі
<b>Арнайы дайындық (8 сағат)</b>			
1	Төтенше жағдайлар түрлері	1 07.09	Лекция
2	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар және табиғи сипаттағы ТЖ кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі	1 14.09	Лекция
3	Техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар және техногенді сипаттағы ТЖ кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі	1 21.09	Лекция
4	Тұрмыстық сипаттағы төтенше жағдайлар және тұрмыстық сипаттағы ТЖ кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі.	1 28.09	Лекция
5	Табиғи апаттар, олардың туындау себептері мен салдары. Табиғи апаттар кезіндегі адамдардың іс-қимыл тәртібі	2 05.10	Лекция
6.	Әр түрлі ТЖ кезінде адамның тірі қалуының негіздері және әдістері.	1 12.10	Әңгіме
7.	Апаттар түрлері	1 19.10	Лекция
8.	Табиғи ортада адамның тірі қалуы ережелері. Уақытша жатын орын, тамақ дайындау, табиғи жағдайда қорғану тәртібі. Өзінің тұрған жеріне бағдар жасау, анықтау, жануарлар мен жәндіктерден қорғану.	1 26.10	Практ.
<b>Өртке қарсы іс-қимыл дайындығы (7 сағат)</b>			
9	Өрт туралы жалпы түсінік. Өрт туындауының негіздері мен себептері.	1 09.11	Әңгіме
10	Өрттердің салдары. Өрттердің сипаты және күші.	1 16.11	Лекция
11	Өрттерді сөндіру әдістері мен тәсілдері. Өрт сөндіргіш құралдар және олардың түрлері.	1 23.11	Лекция
12	Өрт сөндіргіш құралдардың арналу мақсаты, оларды қолданысқа даярлау және қолдану тәртібі.	1 30.11	Практ.
13	Адамдардың өрт кезінде өздерін-өздері құтқаруы.	1 07.12	Практ.
14	Өртке қарсы қолданылатын техника және оларды қолдану тәртібі. Өртке қарсы қолданылатын техника лар түрлері.	1 14.12	Әңгіме
15	Оқушыларды мектептің эвакуациялау жоспарымен таныстыру. Мектеп ғимаратынан оқушыларды эвакуациялау тәртібі.	1 21.12	Практ.
<b>Дәрігерлік дайындық (4 сағат)</b>			
16	Күнделікті өмірде туындаған әр түрлі жағдайлар кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету. Құтқарушының алғашқы дәрігерлік көмек көрсету құралдары.	1 28.12	Лекция
17	Жарақаттар түрлері. Жарақат кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсету	1 11.01	Рассказ
18	Сынықтар, буынның шығуы, дене мүшелерін созып не соғып алу.	1 18.01	Рассказ
19	Зақымданушыны тасымалдау әдістері. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуден сайыс өткізу.	1 25.01	Практ.
<b>Бағдарлану негіздері (6 сағат)</b>			
20	Адамның мәжбүрліктен табиғаттағы жалғыз өмір сүруі. Адамның мәжбүрліктен табиғаттағы жалғыз өмір сүруі кезіндегі іс-қимыл ережелері.	1 01.02	Лекция
21	Туристтік жорықтар. Туристтік жорықтар кезіндегі оқушылардың	1 08.02	Лекция



	қауіпсіздік ережелерін сақтау тәртібі.			
22	Жергілікті жерде бағдарлану әдістері.	1	15.02	Лекция
23	Тұсбағдар (компас), оның арналу мақсаты.	1	22.02	Практ.
24- 25	Азимут бойынша жүру. Жергілікті жерде бағдарлану бойынша жарыс өткізу.	2	29.02 07.03	Практ.
<b>Дене даярлығы дайындығы (6 сағат)</b>				
26- 27	Жалпыдене даярлығы	2	14.03 05.04	Практ.
28- 29	Алыс қашықтыққа жүгіру (кросс)	2	11.04 18.04	Практ.
30	Күш салу жаттығулары. Кермеде тартылу.	1	25.04	Практ.
31.	Күш салу жаттығулары. Екі қолды тіреп тұрып жаттығулар жасау.	1	02.05	Практ.
<b>Жеке қорғаныш құралдары (3 сағат)</b>				
32	Жеке қорғаныш құралдарының жіктелімі	1	16.05	Практ.
33	Тыныс органдарын қорғайтын жеке қорғаныш құралдары.	1	23.05	Практ.
34	Теріні қорғайтын жеке қорғаныш құралдары.	1	24.05	Практ.

АӘТД ұйымдастырушы- мұғалімі :

А.Ж.Ақшулаков



## Үйірме қатысушылардың тізімі

№	Аты – жөні
1	Аманжолов Арлан
2	Асаубай Шынғысхан
3	Балтабаев Диас
4	Бекасыл Иффатбанугүл
5	Даулбай Мадина
6	Дюсенбаева Айжан
7	Есенов Ерқанат
8	Жантлеев Жаслан
9	Казиханов Дарын
10	Қайырбеков Аян
11	Қайыржан Саят
12	Тойшибаев Ислам
13	Умирбек Ахмет
14	Жумагалиев Дарын
15	Искендиоров Абдуррахман
16	Карабаева Айымгуль
17	Қаражігіт Арлан
18	Қасымбек Мансур
19	Саятлеков Хамзат
20	Темирбеков Саят